



Ақмешіт

18 қараша
сенбі

№91 (1998)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

НӘЛІБАЕВ УӘДЕСІНДЕ ТҰРА МА?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Жібек жолы» арнасының «Уәде» бағдарламасына қатысып, журналист Ерболат Мұхамеджанға сұхбат берді. Сұхбат барысында Сыр бойындағы өзекті мәселелер, түйіні тарқатылмаған проблемалар, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар сараланды.



«Жібек жолы» арнасындағы «Уәде» бағдарламасына келіп, сұхбат берген әр азамат атқаратын жұмысын айтып, уәдесін беріп жатады. Бағдарламаға Қызылорда облысының әкіміне дейін де басқа аймақтың басшылары, министрлер мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысып жүр. Демек өз аудиториясы бар, көрермені қалыптасқан сұхбат алаңы. Республикалық телеарнаның бағдарламасына қатысқан Нәлібаев қандай уәде берді? Ол уәденің Сыр халқына пайдасы тие ме? Енді соған тоқталайық.

2 БЕТТЕ

Былтыр Қазақстан мен Ресей үкіметаралық комиссия отырысында Байқоңырдағы мектепке байланысты бір келісімге келген болатын. Яғни келісім бойынша Байқоңырдағы ресейлік мектептерде сыныптан тыс қазақ тілі мен қазақ әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндері қосымша оқытылады деп жоспарланған.

БАЙҚОҢЫР ҚАЗАҚШАЛАНЫП КЕЛЕДІ




Аталған пәндер ресейлік білім беру стандарттары бойынша жұмыс істейтін бір мектепке ғана енгізілген. Бұл туралы Байқоңыр қаласындағы білім бөлімінің сектор меңгерушісі Жадыра Алданова айтты.

– Қазіргі таңда Янгель атындағы №7 мектепте осы пәндер оқытылып жатыр. Дәлірек айтсақ 5, 6, 8, 9-сыныптарда. Қалған 5 мектепте келер жылдың қаңтар айынан бастап жүргізіледі. Бұл пәндер ресейлік мектептерде ата-аналардың өтініштеріне сәйкес жүргізіліп жатыр, – делі білім бөлімінің сектор меңгерушісі.

Қазір Байқоңырда 5 отандық мектеп болса, қалған 7-і ресейлік. Осы ресейлік мектептің оқу бағдарламасы бойынша 2 мыңнан аса қазақ білім алуда. Енді сол оқушылар қосымша «Қазақстан тарихы» мен «ана тілі» және «әдебиет» пәндерін аптасына бір рет оқитын болады. Онда да бұл пән оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша енгізілмек.

3 БЕТТЕ



«Қоғамдық бақылау туралы» заңның негізгі мақсаты – қоғамдық бақылауды жүзеге асыру арқылы Конституцияның 33-бабында көрсетілгендей, азаматтардың мемлекет ісін басқаруға тікелей қатысуына жағдай жасау. Ол үшін бұл заңда барлық тәртібі мен тәсілі қарастырылған.

ЖАҢА ЗАҢ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚҚА БІР ҚАДАМ

Қазан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдық бақылау» туралы заңға қол қойды. Қоғамда көптен бері талқыланып, әбден зерттелгеннен кейін қабылданған «Қоғамдық бақылау» туралы заң бүгінде жиі айтылып жүрген ашықтық, жариялылыққа жасалған тағы бір қадам. Заң аясында енді кез келген азамат қоғам үшін өзекті саналған мәселелердің шешімін табуы үшін мемлекет қаржыландыратын

мекеме жұмысына бақылау жүргізе алады. Сонымен қатар халық қазынасынан қыруар қаржы бөлініп, салынып жатқан құрылыстарды да тікелей бақылауында ұстап, назардан тыс қалдырмауға құқы бар. Демек, бұл құжат қоғам үшін пайдалы. Қоғамдық бақылаудың қалай жүзеге асатынын айқындаған заң азаматтардың белсенділігін арттыруға, мемлекет ісіне араласуға мүмкіндік бермек.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП



КИІКТІ АТЫП АЗАЙТАМЫЗ, АЛ ИТТІ ШЕ?

Қоғамда болып жатқан жаңалықтар кім-кімді де ойландырады. Жұырда ауылдағы көршіміз, қазына сөз бен өсиеттің көмбесіндей болған кеудесі алтын сандық Өміртай ақсақалды көрдім. Әңгімеміз жазықсыз атылып жатқан киікте

тірелгенде ол кісі терең күрсінді. Өміртай ақсақал уақытында сушы болып, егіс даласында еңбек еткен. Ол киікті атуға рұқсат бергендердің уәжі қисынсыз дейді.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Жүрекжарды сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы облыстық филиалының жетекшісі, журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» иегері, Шнелі және Сырдария ауданының Құрметті азаматы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Әнуар Байжанбаев» атындағы сыйлықтың иегері, белгілі журналист Қаршыға Есімсейітова.

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА, ақын:

Жанымды тербеп, көңілімді қозғаған сәттер ақ қағазға жыр болып төгілді

– Сіздің есіміңіздің өзі кездейсоқ қойылмаған секілді. Қаршыға деген бап таңдамайтын қырағы да өжет құс. Сіздің мінезінде батылдық, қайсарлық бар секілді. Ал өлеңдеріңізді оқысақ, нәзік иірімдері жаңды баурап алғандай. Мұның құпиясы неде?

– Мен дүниеге келмей тұрып есімім қойылған екен. Оның сыры әкем Құрманшарғы-бергі тарихтың тереңіне бойлаған, көнекөз қариялардан естігенін жаздына мықтап сақтай білген сұңғыла шешен, шежіреші кісі. Ақындығы да бар. Шығыс әдебиетінің жауһарларын көп оқыған, көңіліне тоқи білген жан. Өлең жазғанда қағазға түсіріп отырмай, ойша шығарып, соны жатқа қайта айтып отыратын есте сақтау жады өте мықты кісі. Қазір жасы 95-те. Әлі күнге дейін көп кісі менің әкемнен жер, су, өлке тарихы жайлы, ата-бабасының шежіресі жайлы жиі сұрап келіп жатады. Анам Ресалды екеуінен 12 ұл-қыз өсіп, өндік. Мен алтыншысымын. Мен дүниеге келерде әкем түс көргітті. «Жаз уақыты. Сарысу бойындағы «Телікөл» су айдынын жағалай аппақ ақшаңқан үйлер тигулі екен. Көл үстінде құс атаулы ұшып-қонып, құс базарындай керемет шақ екен. Киіз үйден шығып адамдар құстардың



сән салтанатын тамашалап тұр екен. Кенет бір кішкентай қаршыға құсы көкті тіліп өтіп, көл үстіндегі құстардың ортасында әрлі-берлі ұшып, ойнақ салыпты. Құстар кішкене құсқа ығысып жол беріп, әп-сәтте қаршыға көл үстін тілгілей ұшып келіп, көп адамның ортасында тұрған әкемнің иығына қоныпты. Айнала жұрт мәре-сәре болыпты. Ұйқыдан оянып кеткен әкем, аяғы ауыр анама «Дүниеге өзі еркін, батыл, бақытты бала келеді екен. Қыз болса да, ұл болса да атын Қаршыға қоямын», – депті. Менің есімімнің Қаршыға атануының тарихы осындай.

2 БЕТТЕ

НӘЛІБАЕВ УӘДЕСІНДЕ ТҰРА МА?

Аймақ басшысы берген уәденің бірі – жол мәселесі. Жол болғанда да анау-мынау көше емес, Қызылордадан батысқа қарай облыстың бес ауданын басып өтіп, Ақтөбеге қарай тартатын үлкен жол. Бәріміз білетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны. Бұл жолдың машақаты белгілі. Қызылордаға дейін бірінші санатты да, Қызылордадан кейін екінші санатты жол. Екінші санатты болғандықтан жол да екі жолақты. Кезінде жүретін көлік ағынының аздығына байланысты екі жолақты етіп салынған. Мамандар осылай дейді. Жол болғанда да қандай жол десенші?! Төп-төгіс тақтайдай, бірақ тар. Күре жолмен қазір 10-12 мыңның үстінде көлік өтеді. Басым бөлігі халықаралық бағытта жүк таситын автомашина. Бұған жеті ауданға қатынайтын техниканы қосыңыз. Ары-бері, тоқтаусыз жүріп жатқан қозғалыс. Күре жолдағы қозғалыстың көптігі сонша, шопырлар қарсы бағытқа шығып, алдындағы көліктен ұзуға қорқалды. Сондайда алдына үлкен жүк көліктері түссе, оларды айналып өту мүлдем қиын. Озымнен немесе айналып өтпей деп, жол апатына ұшырап жатқандар аз емес. Тіпті бұл жолда талай адам жан тапсырып та жатыр. Нәлібаев көп адамның бас ауруына айналған осы жолдың төрт жолақты жолының айтты. Бұл мәселе бұған дейін де көтеріліп жүрген, бірақ Мемлекет басшысы Қызылордаға келгенде түбегейлі шешілетін болыпты.

салынған. Бірнеше рет күрделі жөндеу жүргізілгеніне қарамастан, стратегиялық нысанның негізгі және қосалқы қондырғыларының тозу деңгейі 90 пайызға жеткен. Сондай-ақ қаладағы ұзындығы 207,7 шақырым болатын жылу желісінің жартысына жуығы жанартуды қажет етеді.

Нәлібаев бұл мәселені қалай шешпекші? Былтыр Энергетика министрлігі тұркиялық «Акса Енерджи Уретим АС» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа

«көгілдір отынмен» қамтамасыз ететін жобаның мердігері 16 қарашада анықталып, жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарын бастау жоспарланған. Тіпті тұркиялық компания Америка мен Еуропаның General Electric, Siemens және басқа да ірі компанияларына соңғы үлгідегі заманауи қондырғыларды дайындауға алдын ала төлем жасаған деген де ақпарат бар.

Нәлібаев берген уәденің бірі – Қызылорда қаласын жылы сумен қамту. Жылы су жайын түйіні тарқамаған үлкен проблема деуге болады. Өйткені Қызылорда қала болғалы тұрғындар мұндай игілікті көрген емес. Сонда Машбекұлы бұл мәселені не істемек? Сұраққа жауапты «Уәде» бағдарламасының жүргізушісіне айтқан облыс әкіміміз өз сөзінен алайық.

– Президент өңірге келген кезде қала тұрғындарының өтінішін жеткіздім. Ол – үлкен мәселе. Қызылорда қала болғалы жылы су жоқ. Көкшетауда да осы мәселе өзекті болып тұр. Басқа өңірдің бәрінде бар. Аристонның көмегімен су жылытып пайдаланады. Тұрғындардың осы өтінішін Мемлекет басшысына жеткіздім. Президент Үкіметке әкімшілікпен бірлесіп, тездетіп жоба жасауға тапсырма берді. Мемлекет басшысының үлкен қолдауымен келесі жылға 11,5 млрд. 2023 жылға 11,45 млрд тенге бөлінейін деп жатыр. Екі жылдың ішінде Қызылорда қаласын жылы сумен қамтамасыз етеміз. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлы қабылдаған үлкен тарихи шешім болды, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сұхбат барысында Қызылорда облысының әкімі Сыр өңірінде «Жайлы мектеп» жобасы аясында 21 мектеп салынатынын және оның құрамына Байқоңыр қаласында бой көтеретінін атап өтті.

Нәлібаев уәдесінде тұрып, осы айтқандарын орындай ма? Ол жағы бізге де, сізге де белгісіз. Бәрін уақыт көрсетеді. Сондықтан сабырмен күтіп, алдағы күннің еншісіне қалдырайық.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ



бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісімшартқа қол қойды. Шетелдік инвестиция есебінен салынып жатқан жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 миллиард теңге. Өткен жылы орталық қаулаумен салынғанын көпшілік жақсы біледі. Биыл құрылысы басталды. Республика күні қарсаңында «Акса Енерджи Уретим АС» компаниясы 76 млрд теңгеден астам инвестиция салып, қазақстандық «ИНТЕРТАСКО» компаниясымен бас мердігер ретінде таңдалған. Бас мердігер ретінде таңдалған компания бұған дейін Атырау облысында қуаты 310 МВт газ электр станциясының құрылысын жүргізген. Сонымен қатар «Тенгизшевройл», «Шеврон», «Норд Каспиан Оперейтинг» компанияларында жұмыс атқарады. Жаңа станцияны

Басы 1-бетте

Бір атап айтарлығы, петиция институтын заңмен реттеген алғашқы платформа. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Данияр Қадыров орталық коммуникациялар орталығында берген брифингінде заңда қазақстандықтарға электронды форматта және жазбаша түрде де петиция беру мүмкіндіктері қарастырылғанын айтты.

– Әкімшілік-рәсімдік кодексте петиция беру және қараудың рәсімдері жеке қосымшамен реттелетін болады. Республикалық басқару нысанын, әкімшілік-аумақтық құрылымы және шека-

ра деген сұрақ бойынша Сенат депутаты Руслан Рүстемовке хабарластық.

– Қоғамдық бақылау туралы заңның негізгі мақсаты – қоғамдық бақылауды жүзеге асыру арқылы Конституцияда 33-бабында көрсетілгендей, азаматтардың мемлекет ісін басқаруға тікелей қатысуына жағдай жасау. Ол үшін бұл заңда барлық тәртібі мен тәсілі қарастырылған. Мысалы, еліміздің әр азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдар – субъект деп аталады. Ал мемлекеттік ұйымдар – объектілер. Олар – жергілікті мемлекеттік және орталық органдар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын

субъектілеріне олардың бастамасы бойынша 5 адамға дейін қоғамдық бақылау топтарын құруға құқық береді. Бақылау топтарын азаматтар өз шешімімен құрады. Жалпы оған қатысуға ешқандай шектеу жоқ, бірақ заң талаптарына сәйкес азаматтар ғана қатыса алады. Яғни жасы 18-ге толған, психикалық немесе наркологиялық есепте жоқ, сотталығы өтелген азаматтарымыз ғана қатыса алады. Бұл норма азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығын толық көлемде іске асырады. Қорыта айтар болсақ, «Қоғамдық бақылау туралы» заң

тікелей әдістері мен тәсілдерін қолдана алады. Бұл заң бойынша «Самұрқ-Қазына» әлі-ауқат қоры мен Назарбаев интеллектуалды мектептері, сондай-ақ әскери салада қоғамдық бақылау функциялары ойнайтын болады. Яғни осы салалардың барлығының экономикалық жағдайы, әскерилердің жүріс-тұрысы сияқты жағдайлардың барлығы қоғамның бақылауында болады.

Сонымен бірге аймақтар мен аудандық, облыстық деңгейде бюджеттің атқарылуына ел тікелей араласа алады. Біз аймақтарға барғанда бюджеттің есебінен салынған мектеп, аурухана, мәдениет үйлерінің сапасына азаматтардың көңілі толмай жатады. Міне, енді осы нысандардың сапасын тексеру үшін де қоғамдық бақылау функциясы енеді. Халық өздері ұйымдасып, осы нысандардың қаржысы қалай жұмсалып жатыр, сапасы қандай екенін тексере алады. Бұл – демократияның тікелей формасы. Бұл заңды қабылдау Қазақстанның қоғамдық қатынастарындағы үлкен қадам және елдің саяси мәдениетін арттыру мен мемлекеттің ісін халықтың тікелей араласуына жағдай жасайтын үлкен прогрессивті қадам, – дейді депутат.

«Қоғамдық бақылау» туралы заңның қабылдануы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүйелі жүзеге асыруға сеп болар сөзсіз. «Жаза алмасам, маған серт» демекші, қоғамдағы көкейкесті мәселелерге немқұрайдылық танытпау, үн қосу қоғам белсенділігіне байланысты.

Р.С. Бұл заң ресми жарияланғаннан кейін 6 айдан соң күшіне енетіні жазылған. Яғни алдағы жылдың сәуірінде қолданысқа енебек.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ЖАҢА ЗАҢ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚКА БІР ҚАДАМ

раларды өзгерту, сот төрелігі, рақымшылық, Ұлттық қауіпсіздік және басқа мәселелер бойынша петициялар беруге мүмкіндік болмайды. Петицияны аудандық жерде қарастыру үшін 2,5 мың адамның қолдауы керек болады, ал Үкімет қарайтын болса, ол жерде 50 мыңнан аса қолдаушы болуы керек. Және де петицияны қарау барысында мемлекеттік орган бірқатар іс-шаралар жүргізеді, жұмыс топтарын құрады. Қоғамдық талқылау жасайды. Халықаралық тәжірибені зерделейді. Содан кейін шешім шығарады. Шекті мөнге жетпеген петициялар үндеу ретінде қарастырылып, әкімшілік-рәсімдік кодексе бойынша олар да қаралатын болады», – дейді Мәдениет және ақпарат вице-министрі.

Жаңа заң бойынша қоғамдық бақылаудың барлық тәртібі мен тәсілі қарастырылған. «Бұл заң қоғамға не береді?»

Басы 1-бетте

мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, дербес білім беру ұйымдары және қызметі қоғамдық мүдделермен байланысты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар.

Ал субъектілері бол 18 жасқа толмаған, өтелмеген сотталығы бар, наркологиялық немесе психикалық есепте тұрған, бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар танылмайды. Қалған азаматтарға рұқсат. Бұдан басқа, шетелдік қатысушы бар, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар тексеруге қатысудан шектеледі.

Қоғамдық бақылауды жеке бір адам да, қоғамдық бақылау топтары да жүзеге асыра алады. Заң қоғамдық бақылау

жалпы қоғамдық бақылау саласын бір жүйеге келтіріп, қоғам өкілдеріне шешімдерді енгізу кезеңінде де, іске асыру кезеңінде де, нәтижелерді бағалау кезінде де білікті басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор жұмысының «ашықтығы» деңгейі жоғарылайды, азаматтардың мемлекет істерін басқаруға тартылу деңгейі өседі, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімнің деңгейі жоғарылайды, азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беру жөндейді, – дейді ол.

Депутат Ерлан Сайыров бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында бұл заң мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайта түсетінін айтты.

– Қоғамдық бақылау туралы заң мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты одан әрі нығайтады. Яғни азаматтар мемлекеттің ісіне араласудың

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА, ақын:

Жанымды тербеп, көңілімді қозғаған сәттер ақ қағазға жыр болып төгілді

– Өлең өлкесіне қалай келдіңіз? Сізді өнерге баулыған ұстазыңыз кім?

– Өлеңдерім болса ол табиғатпен егізін сыңарындай біте қайнап, кең даланың күдіретіне бас иіп, ұялылығын тәнті болып, сұлулығын сезініп, жүрегіме құйып өскенімнен болар, сыршыл да сезімге құрылып, оқырмандарымның көңілінен шығып жатқаны. Бұл мені марқайтады, көңілімді шаттандырып, шабыттандырады.

Мен ұлы даланың төсінде емін-еркін өстім. Табиғатпен сырластым... Жанымды тербеп, көңілімді қозғаған сәттер ақ қағазға жыр болып төгілді. Менің әкем шығыс әдебиетін, батырлар жырын көп оқитын. Әріп танығаннан мен де сол кітаптармен сусындап өстім. Соның әсері болар, әкем де өлең жазды. Менің өлең жазуыма ықпал еткен, бірінші қалам тербеткен ұстазым ол – әкем.

– Журналистика академиясының «Алтын жұлдызын» неше жасыңызда алдыңыз? Сол кездегі әсеріңізбен бөліссеніз...

– Мен журналистика академиясының «Алтын жұлдызын» 37 жасымда қазақ журналистері ішінен бірінші болып алғанымды қазір мақтан етемін. Ол кезде жас болдым. Марапат, атақ дегенге мән бермейтінмін. Әріптестерім қуанып жатты. Оның атағы мен бірге сол кездің өлшеммен қаржысы да болды. Мен сол кезде бір жарым жасар ұлымыз балабақшаға беріп, жұмысқа қайта шығып, қызу жазу үстінде болатынмын. «Жыртық үйдің құдайы бар» деген мақалдың рас екендігіне көз жеткізгендей сезімде болдым. Оның қаншалықты маңызды, биік марапат екенін кейін түсіндім бастадым.

– Газетте де, журналда да жұмыс істепсіз, радиода да қызмет етіпсіз, күні кешеге дейін телеарнада рухани, танымдық хабарлардың тізгінішісі болып, мәдени мұраны насихаттап, өнер тарландары жайлы деректі фильммен көпшілікке кеңінен танылдыңыз. Сонда да қарапайым қалпыңыздан таңбадыңыз. Бұл тектіліктің сыры неде?

– Қарапайымдылықтан аспайтын, еңбекпен ғана елеулі болып келген әкемнен дарыған қасиет мені де елге елеулі етті деп білемін. Мен әкемнің төгілген маңдай тері қасиетті туған жердің, ұлы даланың мейірі мен шапағатына бөленіп өстім. Сол үшін де осы қасиетті мекен мен сол жерде еңбек еткен ата-анам мәңгі қарыздармын. Республика көлемінде газет-журналдарда да, қазақ радиосында, облыстық телеарнада қызмет жасай жүріп, тек қана халықтың ортасында жүрген жаны жайсаң адамдардың еңбегі мен өмірін өзгертсе үлгі ретінде насихаттады. Ұлттық дәстүрімізді, өткен тарихымызды, көне жәдігерлеріміз бен құс басқан қалалардың сырын қорғармендерге ашып беру үшін күн демей, түн демей алыс-алыс жолдарды артақтап, ел мен жер араларым. Өз өңіріміздегі сақ дәуірінен қалған Шірік Рабат, оғыз дәуірінің ескерткіші Жанкент қалашығы, қазақ хандығы тұсындағы Сығанақ астанасы болған қаланың тарихтағы орны жайлы «Туған өлке» хабарыма мәңгілікте таспаламды десем болады. Көрші Өзбекстан еліне 9 рет сапар шеккенім ізсіз қалған жоқ. Самарқанды отыз жылға жуық билеген Жалантөс Баһадүрдің 430 жылдығына арнайы барған сапарымыз үлкен тарихи оқиғаға айналды. Сол сапарда Нұр Ата тауының етегінен туған жылы да, өлген жылы да, жерленген жері де белгісіз болып келген кіші жүздің биі Өйтекеннің мәңгілік жойып тапқан жерін тауып қайтқанымыз, біздің түсіру тобымыздың тарихқа қосқан үлесі болды. Бұл жөнінде сол кездегі Жалантөс Баһадүр қорының президенті марқұм Ыдырыс Қалиев ағамыз үлкен бір жиында «Біз Өйтеке бидің жатқан жерін үлкен құлама, ғалымдар табады деп ойлаушы едік. Оны қасымызда жүрген кішікентің ғана Қаршыға қызымыз тауып келіп, қуанышқа бөледі» деген еді. Бұл сөз мен үшін барлық марапаттан биік еді. Нұр Атада Өйтеке биге арналып кесене тұрғызылды. Мұражай, конференция залы, мешіт салынды. Бұл күнде сол қасиетті жер екі елдің халқына ортақ үлкен мемориаль кешеніне айналды. Бұл менің көп жылдық журналистік еңбегімнің жеңісі екенін білді.

– Көптеген танымал ақындар мен жазушылар ару қала Алматыда қоныстап қалғанына хабардармыз. Зиялы қауым өкілдері топтасқан әдеби ортаны қиып, Сыр еліне қайта оралдыңыз. Қазір өкініңіз бе?

– Алматыда жайлы үйім, сүйікті жұмысым, достарым, әдеби ортам болды. Бірақ мен үнемі ел жаққа көңіл бұратынмын. Өйткені ата-анам, бауырларыма қол ұшымызды тігісем деген ойда жүретінмін. Сосын жас күннен сыртта жүрген соң ба, «ертең егде тартқан кезде туған жерім өгейсіп қалса, бауырына тартпай жатысып, мойындамай қалса қайтеміз?» деген ой мазалайтын. Сондықтан елге барып қызмет етуім керек деп шештім. Сәні мен салтанаты асқан Алматыны бір-ақ күнде Сырдарияның жағасындағы сырлы қалаға айырбастан, көшіп келдім. Келдім де ел тарихын қопарып, таспалауға кірісіп кеттім. Бұған еш өкінеймін. Елге аз да болса еңбегім сіңсе, перзенттік борышымын өтелгені деп білемін.

– Қазір бос уақытыңыз бар болар. Қандай іспен шұғылданаңыз?

– Мен зейнеткерлікке шыққанмен қоғамдық жұмыстарға көп араласқандықтан болар, уақытым бос өтіп жатыр деп айта алмаймын. Төрт-бес жылдай облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі болдым. «Аманат» партиясының «Мирас» қоғамдық кеңесінің мүшесімін. Қоғамдық негізде Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры қызметін атқарамын. Бос уақытым сирек. Сонда да уақыт тауып немерелеріммен бірге болғанды ұнатамын. Сосын есіктің алдындағы талдарды баптап, уақытылы суаруды қалт жібермеймін.

– Шығармашылық адамының бойында қандай қасиет болғаны дұрыс деп ойлайсыз?

– Шығармашылық адамының бойында өзі Алланың берген қасиеті тәзімділік, сергектік, табандылық, шыншылдық болғаны дұрыс деп ойлаймын.

– Бақытты әр адам әртүрлі түсінеді. Сіз үшін бақыт деген не? – Мен үшін бақыт деген айналамдағы жақын адамдарымның аман-есен болуы. Еңбек етіп, төккен теріңнің нәтижелі болуы. Елімде тек қана тыныштық, бейбіт өмір мәңгілік болуы. Бүгінгі ұрпақтың жарқын істерін келер ұрпақ ұмытпай жалғастыра беруі үшін еңбек етіп, тер төгудің өзі мен үшін бақыт деп білемін.

– Сүйіншілейтін жанамақ сіз жазырда ғана «Сырдария ауданының Күрметті азаматы» атағыңыз. Бұл сізге деген Сырдария халқының құрметі деп білеміз. Біздің оқырмандарға арнап берген сұбелі сұхбатыңыз үшін рақмет! Сізге шығармашылық шабыт тілейміз.

Сұхбаты жүргізген

Басы 1-бетте

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Қоғамдық-саяси ахуал назардан түспейді

Бүгінде аймақтың қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, мемлекеттік тілдің қолданылуы аясы кеңейіп, жастар саясатын жүзеге асыруда ауқымды шаралар жүргізілуде. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов жыл басынан бері атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Аймақта қоғамдық-саяси ахуал тұрақтылығын сақтау және ахуалға кері әсер ететін мәселелердің алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуде. Осы жылдың есепті мерзімінде облыста қоғамдық-саяси ахуал тұрақтылығы сақталды. Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 148 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеуде. Оның ішінде, 120 баспа БАҚ, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік және 2 телеарна бар. Бүгінде басқарма билік пен халық арасындағы тығыз диалог орнату бойынша тиісті деңгейдегі жұмыстар қолға алынды. Ақпарат таратуда облыс көлемінде біршама іс-шара атқарылды. Мәселен, облыс бойынша 130215 абонент ұлттық цифрлық телехабар тарату қызметіне қосылған. Бұл бастағы меженің 92 пайызын құрайды. Аймақ басшысының қатысуымен де түрлі интернет-конференциялар өткізілді. Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға, жастарды жұмыссыздар қатарында болмауына бағытталған жұмыстар да ұйымдастырылуда, – деді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының айтуынша, мемлекеттік тіл саясатын жүргізуде мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Қазіргі таңда тілдік ахуалды зерделеу бойынша жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі жергілікті атқарушы органдар бойынша 99,7 пайызды құраған. Сондай-ақ тіл орталығы арқылы қызылордалықтардың мемлекеттік тілмен қатар орыс және ағылшын тілі курстарын тегін оқуына мүмкіндік жасалған. Нәтижесінде 1654 адам тілді оқыту курстарына тіркелген.

Биыл аймақтың 85 жылдық мерейтойы тойланды. Соның аясында қоғамдық даму басқармасы тарапынан біршама ауқымды мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылған.

– Облыстың 85 жылдығына орай аймақтың дамуында өзіндік қолтаңбасы бар мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Қазантаев, И.Әбдікәрімов және Т.Есетовтің 100 жылдығына орай аудандар мен облыс орталығында еске алу, ұлықтау шарасы, олардың өмірі мен қызметіне

арналған ғылыми-танымдық конференциялар өткізілді. Басқарманың тікелей ықпалымен «Невада – Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 34 жыл толуына орай еске алу, үлгілі отбасыларды дәрінтеу мақсатындағы дәстүрлі «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық конкурсы ұйымдастырылды. Сонымен қатар Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың есімін ұлықтау мақсатында «Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихи тағлым мен сабақтастық» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы өтті, – деді басқарма басшысы.

Аймақтың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында көптен күткен «Сыр жастары» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 1 200 миллион теңге, «Отбасы банк» АҚ тарапынан 500 миллион теңге қаржы бөлінген. Бағдарламаға қатысуға 789 жастан өтініш түскен. Қазіргі таңда 11 санат бойынша іріктеу жүргізілуде. Жастарға арналған жеңілдетілген ипотекалық несиені беру бағдарламасы арқылы жыл аяғына дейін 100 жас баспаналы болады деп жоспарлануда.

Қоғамдық даму басқармасы бұдан бөлек білім, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою, олардың әлеуетін көтеру бағытында да тұрақты жұмыстар жүргізуде.

А.ӘЛІМ

БАЙҚОҢЫР ҚАЗАҚШАЛАНЫП КЕЛЕДІ

Сондай-ақ ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртайдың «Хабар» арнасына берген мәліметінде барлық мектептегі балаларға сауалнама жүргізілетінін айтқан.

– Тілек білдіргендер осы пәндер бойынша оқытылады. Ресей тарапы кітаптармен, мұғалімдермен толық қамтамасыз етеді. Бұл біздің балаларымызға, қала балаларына біздің қазақстандық жоғары оқу орындарында әрі қарай оқуға жақсы мүмкіндік береді. Өзгерістер тек білім беру саласына әсер еткен жоқ. Байқоңыр қаласының қошегерлеріне қазақ тіліндегі маңдайшалар, жарнамалық және ақпараттық тақталар

әкімшілігінің қазақстандық тараппен кездесулерінде бұл пәндерді тек оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша сыныптан тыс өткізу бағдарламасы енгізілді. Қазір Янгель атындағы №7 мектепте оқушылар мен ата-аналардың өтінішін қабылдай отырып 5, 6, 8, 9-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндерін сыныптан тыс оқыту жұмыстары ұйымдастырылуда.

Айта кетейік Байқоңырдағы 4 көшеге ұлт батырлары мен абыз-ақындардың есімі берілген. Бұл 1994 жылдан бері енді қолға алынды. Мұнан бөлек, үкіметаралық комиссияда шешілген мәсе-



– Ең алдымен әрдайым қолдап, сенім білдірген ата-анама алғыс айтамын. Өйткені олардың үлкен септігі тиді. Одан кейін бізді сайысқа дайындап, жарысқа әкелген ұстаздарыма алғысымды білдіремін. Олардың әрбір үйреткені пікірсайыстағы алғашқы қадамға әсер етті. Тіпті мектеп директоры Жұмағұл Қосжанқызы әрдайым қолдау көрсетіп, ұйымдап жүргені біз үшін мотивация болды. Жалпы жеңіске жету жолында тәжірибе қажет болды. Ол тәжірибені тек ойын барысында ала аламыз. Одан бөлек жан-жақты ойлау үшін сананың дамуы қажет болды. Ол үшін ең тиімді жолдың бірі – кітап оқу.

Жалпы өткізілген жарыстағы тақырып өзіміздің туған еліміздің болашағы туралы болды. Яғни еліміздің ішкі, сыртқы саясатын



болса, оны сөзбен айтып жеткізу қиын. Тіпті финалға өткендегі сезіміміздің орны да ерекше бөлек болды. Өйткені көптеген адам бізді бақылап, сынады. Осы тұста Гүлбануапайым деббат аяқталғанша

Байқоңырдағы жеңіске жеткендегі әсерімен бөлісті.

– Жарыста біз I орынды жеңеміз деп күттік. Себебі біздің өз идеологиямыз бен қарсылас команданы салыстырғанда біздегі

Бүгінде тәртіп пен тәрбиені үйретіп ғана қоймай, сыпайы түрде сөз жарыстырып, пікір таласатын деббат сайысы оқушылар мен жастар арасында белең алып келеді. Бұл сайыс оқушылардың

БОЛАШАҚ ЗЕРДЕЛІ ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА

бойындағы саяси мәдениетті, өз әрекеті үшін өзі және қоғам алдында жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Тіпті жан-жақты ізденіп, өз ойын ашық жеткізу мен қатар шығармашылық және сыни ойлау қабілетін қалыптастырады. Осыған сәйкес еліміздегі мектептер оқушылар арасында түрлі пікірсайыс турнирін ұйымдастырып келеді.

Сондай жарыстың бірін жазыра «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранты шеңберінде Жетісу облысының білім басқармасымен бірлесіп, «Жаңа Қазақстанның болашағы – зерделі ұрпақ» атты республикалық жарыс ұйымдастырды. Бұл «Жас ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігінің «Жетісу дилмарлары» пікірсайыс қозғалысы жобасы аясында өткізілді.

Республикалық жарыс екі күнге созылды. Ондағы қатысушылар арасында түрлі тақырыпта пікірсайыс пен жан-жақты талдау жүргізілген. Сондай-ақ пікірсайыс қазақ пен орыс және ағылшын тілінде де өткізілген.

Қызылордалық оқушылардан құралған «Ақжолдай ақпар» командасының талантты оқушысы пікірсайыс турнирінің қалай өткенін айтып берді.



зерттей отырып, халқымыздың жағдайымен, ішкі күйзелісімен таныстық. Осы ақуалды ашып, өзіміздің ойымызды ашық айтып, шешу жолдарын ұсындық, – дейді оқушы Ақерке Ибашқызы.

Қазылардың шешімі бойынша пікірсайыста Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы №277 мектеп-лицейінің оқушысы Ақерке Ибашқызы және Сымбат Байқуатқызы II орынды жеңіп алды. Сондай-ақ қосымша сыйақы берілді.

– Дебаттан екінші орынды жеңіп алғандағы сезімімді айтатын

идеяның артықшылықтары көрініп тұрды. Алайда барлығы төрешілердің қолында болғандықтан, 2-орын да белгілі бір қуаныш әкелді. Бастапқыда жеңістің әсері сезілмеді. Кейін ғана бұл үлкен жетістік екені және біздің ғана емес, мектебіміз бен қолдаушыларымыздың еңбегі ақталғаны екенін түсініп, сезіне бастадым, – дейді Сымбат Байқуатқызы

Бұл оқушылар пікірсайысты ағылшын тілінде ұтымды пікір білдіріп ғана қоймай өзекті мәселені де жеткізе білген.

Ал қазақ лигасы бойынша Қазыла ауданы, Бекарыстан би ауылындағы №24 орта мектептің 10 сынып оқушысы Нұрслам Сақтаған «Үздік спикер» атағын алды.

Екі күнге созылған сайыста түрлі дарындар мен таланттар бас қосты. Соғардың арасында үздік атану мен үшін үлкен жетістік. Жарыста жетістікке жету үшін жүйелі дайындықтар жасау қажет. Менің жеңісімнің артында ұстаздарым тұр. Яғни ол кісілердің маған берген білімі мен дайындығының арқасында жеңіске жеттім. Маған көмектескен барша ұстаздарға рахмет айтамын, – дейді Нұрслам Сақтаған.



пайда болды. Кейінгі 30 жылда алғаш рет қала қошегерлеріне қазақ ақындары мен батырларының есімдері берілді, – дейді ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі.

Сонымен қатар Байқоңыр қаласы білім бөлімі басшысының орынбасары Георгий Глазунотын «Qyzylorda» телеарнасына берген мәліметінде 2022 жылғы Мәскеуде өткен «Байқоңыр» кешені бойынша Ресей-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының сегізінші отырысының қорытындысына сәйкес «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» Байқоңыр қаласындағы орыс мектептерінде оқыту мәселесін бірлесіп зерделеу туралы шешімі қабылданған. Байқоңыр қаласы

леңің бірі енді қошегерлер көрнекі құралдар мен жарнамалық және хабарламалық билбордтар қазақша болмақ. Осыған сәйкес Байқоңыр қаласының тұрғыны Әйгерім Балтабай өз пікірін білдірді.

– Бүгінде Байқоңырда Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова мен Бауыржан Момышұлы және Қорқыт ата атындағы қошегерлер пайда болды. Олар ұлы тұлғаларымыздың ерліктерін еске салады. Жаңашылдыққа өте риза болдық. Бұл ретте Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік мерекелері енді Байқоңырда тойланатын болады. Сондай-ақ қызылордалық мектеп оқушыларының ғарыш айлағына экскурсияға баруына мүмкіндік беретін екіжақты келісімге өзгерістер енгізілді, – дейді Әйгерім Балтабай.

Басы 1-бетте



ГРАНТҚА ТҮСУГЕ МҮМКІНДІК БЕРГЕН БАЙҚАУ

Облыс әкімінің қолдауымен өткен байқауға 350 отінім түскен. Өткізілген байқаудың қорытындысы бойынша №268 мектеп-лицейінің оқушысы Талап Әли «Медиа білім» бағыты бойынша жеңімпаз атанса, Әли Мүсілім атындағы №101 мектеп-лицейінің оқушысы Асылтас Шөментай «Модельдеу» бағытында байқауды жеңіп алған. Ал Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебінің оқушысы Зарина Азенова «Әзірлеу» бағытында жеңімпаз атанып, осы аталған оқушылар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантына ие болды.

«Медиа білім» бағыты бойынша жобасын қорғау арқылы университеттің грантына ие болған оқушы Талап Әли байқаудың барысын айтып берді.

– Бүгінде IT саласы қарқынды дамуда, яғни бәсекелестік өте жоғары. Ал Қазақстандағы робототехника саласы бойынша бәсекелестік әлі де аз. Осы мәселені шешу жолында «Fed up» жобасын қолға алдым. Байқаудың ұйымдастырушыларына алғысым шексіз. «Smart city Qyzylorda Hackathon 2023» облыстық IT жобалар хакатоны – жас стартапкерлердің дамуына мүмкіндік беретін алаң, – деді ол.

– IT жобалар хакатоны Қызылордада бесінші рет ұйымдастырылды. Өткен жылы Республика күні қарсаңында өткен хакатон байқауына 270 жас қатысып, 100-ге жуық жоба таныстырылды. Ал биыл қатысушылар саны көбейді. Сыр өңірінде идеясы мен креативке толы жастардың саны артқаны бізді қуантады. Жалынды жастар барда біздің болашағымыз жарқын болмақ. Желтоқсан айында InnoFest Qyzylorda инновациялық жобалар байқауы өткізіледі, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті кәсіпкерлік орталығының басшысы Жанарыс Алтынбекұлы.


ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҰСТАЗ

Дүниедегі баға жетпес мамандықтың бірі – мұғалім. Себебі ұстаз барлық мамандық иесін тәрбиелеп, оқытып үйрететін мейірімді абзал жан. Жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беретін, жүрегі жылулық пен мейірімге толы, шәкіртіне екінші анасындай бола білген ұстаздың бірі – Гүлжанат Кенжалиева.

Ол 1963 жылы Қармақшы ауданындағы Ақай елді мекенінде дүниеге келген. 1970 жылы аудандағы Шоқан Уәлиханов атындағы №26 мектептің бірінші сыныбына барған. Кейін Қармақшы ауданына қарасты Қуандария ауылындағы №186 мектепті тәмамдаған.

Жастайынан білімге құштар кейіпкеріміз оқушы кезінде үздіктер қатарында болған. Білім үйреткен ұстаздарына қызғыға қарап, әдеби шығармаларды жаны сүйген кейіпкеріміз ұстаздық жолының қалай бастау алғанын айтып берді.

– Орыс тілі мен қазақ тілі және әдебиет пәнінен беретін ұстаздардың әрбір жүріс-тұрысына мен беретінімін. Оның ішінде Шегебай Күндәкбаев есімді ұстазға тәнті едім. Ол сыныпқа кіріп келе жатып жаңа тақырыпты айтып, Абайдың өлеңдерін оқитын. Сонда сыныптағы оқушылар ұстаздың өлең оқып болғанынша тік тұрып, тыңдайтын. Міне, осы кісінің оқушылар



университетінде филология мамандығын оқып, бітірген.

Алғаш еңбек жолын Қармақшы ауданындағы Кеңірелі елді мекеніндегі №254 мектептен бастаған. Кейін отбасын құруына байланысты Ақтөбе ауылындағы №109 мектепке ауысқан. Онда аз уақыт жұмыс істеп, Ірпекөл елді мекеніндегі №106 мектепке ауысып, ұзақ жыл қызмет атқарған.

– Бір күні нағашыма қыдырып келгенде оның балалары №7 мектепті мақтанышымен айтып

Арман-мақсатына жеткен мұғалімнің бұл мектепте қызмет атқарып келе жатқанына жиырма төрт жыл болған. Осы 24 жылдың ішінде әріптестеріне сыйлы болып ғана қоймай, оқушыларының да сүйікті ұстазына айналды.

– Гүлжанат апай менің сынып жетекшісі болма да ол кісіні қатты құрметтеймін. Алай бізге қазақ тілі және әдебиеті пәнінен білім беретін. Кейде сабақтан бөлек түрлі шығармаларды әңгімесін, өмірге қатысты мысалдар келтіре отырып сабақты қызықты өткізетін. Тіпті оқушыларға сұрақ қоюның өзі ерекше еді. Бірде әдебиет сабағы болуы керек, сонда апай «менен кім қорқады?» деп сұрақ қойды. Сол кезде бірнеше оқушы қолымызды көтердік. Қол көтерген оқушыларды орнынан тұрғызып: «Менен неге қорқасындар? Адам адамнан қорықпайды, адам Жаратушыдан қорқады, ал адамдар бір-бірін сыйлап, құрметтейді», – деген еді. Міне, осы сөз менің жадымада мәңгі қалды. Әрдайым көшілік арасында бойымды қорқыныш билейтін сәтте, апайдың айтқан сөзін есіме түсіріп, сол сөзді қайтапай көшілік арасында өзімді еркін ұстауды үйрендім. Қазір адамдар арасында тез тіл табысатын, ашық жарқын адаммын, – дейді оқушысы Айгүл.

Оқушысы айтқандай, мұғалім сыныпта сабақ оқытумен қатар түрлі әңгіме мен шығарманы айта отырып, балалардың білімге деген қызығушылығын арттыра білген.

– Пәнге қызығушылығының арқасында әрі мамандығының қыр-сырын меңгеру үшін әдеби шығармаларды көп оқитымын. Тіпті I аптада он шақты кітап оқыған кездерім болды. Соны оқушыларыма үлгі болсын деп айтып, кітап алмасатынымыз. Жалпы балалармен емин-еркін ашық сөйлесемін, сол кезде балалардың бойында еркіндік пен жауапкершілік пайда болады, – дейді Гүлжанат Кенжалиева.

Оқушыларының алғысын естіген ұстаз өмір жолының текке өтпегенін жеткізді.

Ұстазының жолын қуған кейіпкеріміз оқушылар мен мұғалімдер арасында сыйлы болып, құрметке бөленіп жүр. Сондай-ақ облыс әкімінің бастамасымен мұғалімдер арасындағы сайысқа қатысқан кейіпкеріміз «Миллионер ұстаз» атағын алса, 2019 жылы қала әкімінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік мұғалім» сайысынан сыйақы алған. 2018 жылы облыс әкімінің қолдауымен шыққан «Өлкетану» оқулығының авторының бірі екенін де айтып өткен жөн.

Бетті дайындаған
Нәзира МҰҚАТАЕВА



алдындағы ерекше әдіс тәсілдері менің жадыма мәңгі сақтаулы. Сонымен қатар сынып жетекшісі Мүлія Каленова апайымнан мәдениетті үйрендім. Мен осы ұстаздарға еліктеп, солардай болғым келді. Бүгінде осы ұстазымның жолын жалғастырып келе жатырмын деп ойлаймын, – дейді кейіпкеріміз.

Осылайша ұстазының жолын қуған шәкірт Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік

отырғанын құлағым шалды. Сөйтсем нағашымының балалары сол мектептен білім алады екен. Содан қалаға көшкенде менде осы мектепте мұғалім боламын деген мақсат қойып, 1999 жылы құжатымды қалалық білім бөліміне тапсырып, №7 мектепке барғым келетінін айттым. Сөйтіп, қыркүйек айында сол мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналастым, – дейді Гүлжанат Кенжалиева.



КИІКТІ АТЫП АЗАЙТАМЫЗ, АЛ ИТТІ ШЕ?

«Кезінде киікті құртып ала жаздағанымыз есімде. Киелі жануарды көбейту үшін қыруар қаржы бөліп, күзетіп, санын қалыңа келтіргенде аяқ астынан оларды аулауға, атуға рұқсат беріліп жатыр. Өте өкінішті. Жезкиіктің киесі бар. Бұрын даламызда киік өте көп болды. Залалсыз жануардан ешқандай кесел болмаған. Ата-бабамыз дала заңдылығын сақтап, жазық даланы жайлаған киіктерге тиіспеген. Тіпті сол кезде өлен де шықты.

Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен. Киікті атып аншы өлтіргенде, Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен.

Басы 1-бетте

Сөкеннің осы бір өлеңін Әлмырза Ноғайбаев зарлы сарынмен орындағанда төбе-қүйқанды шырмалататын», – дейді көпті көрген қария. Оның айтуынша, ақбөкен шөптің басын ғана кертіп жейтін көрінеді. Қысы-жазы солай. Ал үй жануарына шөптің ортасы қалады, жылқы тебіндеп тамырын жейді. Ақсақалдың бұл сөзінен кейін киік жайында жайпап жатыр дейтіндердің уәжі қисынсыз екенін көруге болады. Алланың аса әділдігіне қайран қаласың. Ешбір тіршілік иесін ризықсыз қалдырмайды. «Киік судың тұнығын ішеді. Және тез қанады. Ол басқа жануарлардай сусақ емес. Мая-мая шөпке көзін де салмайды. Қазір мал баққандар байбалам салып, босқа дабылдатып отыр. Киік шөптің 90

түрлісін жеп қоректенеді. Көктем туа, қар астынан шыққан жас шөп өте улы болып келеді. Соны киік жеп, мүйізіне дәрі жинайды. Киік жайылып кеткеннен кейін үй малы өріске шықса, шөптен уланбайды. Киігі жоқ дала көктемде ұға толы болады. Малға қауіпті. Қар астындағы шөп суықтан қорғану үшін ұға айналып, өз-өзін сақтайды. Киік сондай-ақ даланы өрттен қорғайды. Олар отар-отар болып шауып өткенде өрт шығу қаупі бар жер киіктердің тұяғының астында өшіп қалады. Киік өсімдіктердің тұқым шашып, жан-жаққа тарап, көбейіп өсуіне әсер етеді. Өсімдік тұқымдары олардың тұяғымен, екі пінімен далаға тегіс жайылып, өседі. Алла бөкенге сондай қабілет берген және жетімін қаңғытпайды, бір-бірінің лағын емізіп, өргізіп әкете береді», – дейді Өміртай ағамыз.

Желтоқсан айының аяғы, қаңтар туа «Текебұрқак амалы» болады. Содан көктемде, көкек-мамыр аралығында жаппай төлдейді. «Құралай салқыны» соғып, киіктер жаңа туған лағын желге қарсы өргізеді. Жел үстің кептіріп, бойын шынықтырып, жас төл енесіне ілесіп отардан қалмайтын болады. Тап осы күндері қасқырдың тісі қақсап, етке зауқы соқпайды. 3-4 күн ет жей алмайды. Өміртай ақсақал: «Бұл Құдайдың қамқорлығы, мейірімі ғой, киіктер жас төлін туып, өргізіп жатады. Қашан өздігінен аяғына тұрып, шауып кеткенше жас төлдің иісі де шықпайды. Алла оларға түйсікпен қоса аңнан құтылар күш алғанша денесін иіссіз етіп қояды екен. Киікке біздің сүйікті Адам ата ақ батасын берген дегенді үлкендерден естіп өстік. Иә, біздің есімізде. Бұл шамамен 70-ші жылдар мен 80-ші жылдар. Ауылға көлікпен киіктерді әкеп сататын. Бейшара жануар өліп жатса да көзінен қайғы-мұңды көруге болатын еді. Ауылда түрлі ауру, індет өршіді. Жол апатынан адамдар қырылды. Осыдан сабақ алмадық-ау. Сондай зауал қайталанбаса екен» дейді.

Мен адамзаттың пияғына таңғаламын. Табиғаттың көркем туындысы, тірі пендеге зияны жоқ бөкенді атуға рұқсат береді де, тал тұста адамға шабуыл жасап, талап жатқан итті өлтіруге келгенде қауқарсыз.

Осы итті өлтірмеу туралы заң күшіне енгелі бері қарапайым халық зардап егуде. Көше кезген қаңғыбас иттің көптігін айтып, шыр-пыры шыққан тұрғындардың саны күн санап артса да бұл қауіп сейілмей отыр. Тұрғын үйлердің коқыс тастайтын жәшігін аралап емін-еркін кезген иттер балабақша мен мектеп ауласын жағалайтын болған. Бұл жайлы әлеуметтік желіде қызу талқыланса да, құзырлы орындар селт етпей отыр. Ит ататындарға хабарлассак «Біз ит ата алмаймыз. Бізде бұл туралы арнайы заң бар деп теңсінеді. Сонда балаларымыз, немерелеріміз екі күннің бірінде қауіптің ортасында жүргенде ата-аналары дәрменсіз күйде қала ма?

Статистикалық мәлімет адам шошырлық. Оpennews.kz сайты таратқан мәліметке сүйенсек, өңірдегі иттердің 767-сінің иесі белгілі, 633-і белгісіз. Бір сөзбен айтқанда, иттен зардап шеккендердің жарығына жуығы жасөспірімдер. Ал ит талаған балалардың саны мыңға жуықтағанын ескерсек, иттерден қорғау үшін арнайы заң керек секілді. Осы жылдың 8 айындағы статистика қаңғыбас иттерге таланғандар санын 1400 деп отыр. Дәрігерге қаралмай жүре беретіндердің саны қанша екенін алмайды. Өміртай ақсақал: «Бұл күнде облыс бойынша 40771 бас ит пен мысық паспортталған. Бұл саннан бөлек өңірде 22 мыңға жақын иесіз иттер мен мысықтар бар екен.

Ең күрделі мәселенің бірі қаңғыбас иттерді қамайтын орын жоқ. Саналы түрде ойланып әрекет жасайтын болсақ, бұл мәселе шешімін табуы сөзсіз. Бірақ бұл немқұрайлық адам өміріне қауіп төндіріп жатса қайтпек керек? Иттен жұғатын құтырма ауруы адам өліміне әкеледі. Бұл мәселеге нүкте қоятын құзырлы орындар «ит атуға рұқсат жоқ» деп жауырды жаба тоқып дәрменсіздік көрсетіп отырса, қарапайым халық иттен өздерін және балаларын қалай қорғайды? Бұл басы ашық сауал күйінше қалып отыр. Адамға ешбір зияны жоқ ел еркесі киікті атқанда, қаңғыбас иттерді мүсіркегеніміз қалай? Құзырлы орындар бұл мәселеге бейжай қарамай шешімін тапса дейміз.

Гауһар
КОЖАХМЕТОВА

МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ



ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ ТАРИФІ КӨТЕРІЛМЕК

Қызылорда қалалық мәслихатының мәжіліс залында мәслихаттың кезектен тыс X сессиясы өтті.

Сессияға қала әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, құқық қорғау органдары, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралы өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі «2023-2025 жылдарға арналған кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндап өтті.



Оның айтуынша, кент және ауылдық округ бюджетінің кіріс көзін арттыру есебінен, пайдаланылмаған және үнемделген қаржы есебінен «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасына бөлінбек. Бөлінген қаржы Тасбөгет кенті әкімі аппаратының еңбекақы қорына, С.Майқанова атындағы мәдениет үйіне шырша сатып алуға, көшелерді жарықтандыруға, құраған ағашты кесуге, аялдама орнатуға бағытталмақ.

Сондай-ақ Ақжарма ауылдық округі әкімі аппаратына бөлінген қаржы әкімдік ғимаратындағы бейнебақылауды жөндеуге, Талсуат ауылдық округіндегі орталық көшеге баннер жасатуға, Қызылөзек ауылдық округі әкімі аппаратына қарасты Қараөзек бекеті елді мекеніндегі балалар ойын алаңына жасанды газон алуға және қызметтік автокөлікті жөндеуге, Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратына бөлінген қаржы жер учаскесіне орналастыру жобасына және бильборд жасатуға жұмсалмақ. Қалаға қарасты өзге де кенттер мен ауылдық округтердің маңызды деген жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлінеді, – деді бөлім басшысы.

Қызылорда қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ж.Файзуллаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, қатты тұрмыстық қалдықтарға төленетін тариф айына көпқабатты үй тұрғындары үшін бұрын 232 тенге болса, енді 388,01 тенгеге, ал жер үйлер үшін бұрын 321 тенге болса, енді 388,01 тенгеге көтерілімек.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифінің өсуі ЖЖМ (ГСМ) бағасының 38%-ға, қосалқы бөлшектердің 35%-ға, электр энергиясының 34%-ға, жалақының 2020 жылмен салыстырғанда 36%-ға артуына және халық санының өсіміне байланысты есептелген, – деді бөлім басшысы.

Депутаттар тарапынан баяндамашыға «Неге көпқабатты үйлердің тұрмыстық қалдыққа төлейтін ақшасы аз, жер үйлердің төлемі көп» деген сауал жолданды.

Айта кетейік, баяндамашының уәжі бойынша жер үйлерден тұрмыстық қатты қалдыққа ауыр заттар көп тасталатындықтан тариф көтеріңкі болады. Тиісінше көпқабатты үйден шығатын қалдық салмақ тартпайды, жеңіл болады және қайта сұрыптауға қолайлы екен.

Жиында қаралған келесі мәселе «Қызылорда қалалық мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің штат саны мен құрылымын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев хабарлама жасады.

Жиын соңында халық қалаулылары саяжайлардағы аяқсу, ауылдық округтерге кіретін жолдар мен саяжайлардағы жол жапысын көтермейтіндігі айтылды. Сонымен қатар су қысымының төмендігіне байланысты насос алу мәселесінің де өзекті екенін жеткізді.

Сессияға ұсынылған мәселелер зерделеніп, тиісті шешімдер қабылданды.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Апта басында қала әкімдігінің баспасөз орталығында ЖРВИ және тұмау ауруына байланысты баспасөз мәслихаты өтті. Брифингке қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Мария Жарекешова мен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мухамбетова және «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Фарид Қалиева қатысты.

Қаладағы тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекцияның эпидемиологиялық жағдайының алдын алу шаралары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев мәлімдеді.

Тұмау ауруының немесе оның асқынатын алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Қазан айынан бастап 38325 адамға тұмау ауруына қарсы алдын-ала екпе егілді. Тұмау мен желел респираторлық вирустық инфекцияның ауыр ағымдағы және пневмонияға шалдыққан науқастарды зертханалық зерттеу «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасында жүргізіледі. Эпидемиологиялық маусымда науқастардың көрсеткішінің өсуіне байланысты зертхана жұмысы жандандырылады. Осы ретте, қала тұрғындарынан вирустық инфекцияның белгілері пайда бола бастаған сәттен бастап дәрігерге жүгінуге кеңес береміз, – деді басқарма басшысы.

Қазан айынан бүгінгі күнге дейін ЖРВИ және тұмау ауруының есептік көрсеткіші бойынша 6029 науқас тіркелген. Оның ішінде 63,6%-ы 14 жасқа дейінгі балалар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 32,5%-ға көбейген.

Инфекцияның алдын алу мақсаты бойынша қалада орналасқан барлық емдеу-сауықтыру және білім беру мекемелерінде санитарлық ағарту жұмыстарының кеңінен жүргізілінін облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Мария Жарекешова айтып берді.

Өткізіп жатқан шаралардың басты мақсаты – жұқпалы аурулардың алдын алуға вакцинацияның маңыздылығы және екпеге дұрыс көзқарас қалыптастыру арқылы халықтың денсаулығын нығайту.



БАЙҚАМАСАҢ ТҰМАУ ДА ҚАУІПТІ...

Яғни адамдарға, өзіне және өз отбасына денсаулық таңдау жасауға және шешім қабылдауға көмектесу. Маусымдық өсіммен сипатталған түрлі жұқпалы аурулардың ЖРВИ, тұмау мен туберкулез және

тағы да басқа инфекциялардың алдын алу туралы халықты хабарлар ету, – дейді Мария Жарекешова.

Айтылған жұқпалы аурулар бойынша облыс көлемінде 233 шара өткізілген.

Сондай-ақ қаланың көрнекті орындарына баннерлер ілінді.

Сонымен қатар вирустық инфекцияның эпидемиологиялық маусымда науқастарға арнайы медициналық көмек көрсетуіне дайындығы бойынша облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мухамбетова баяндады.

Осы маусымға байланысты біздің ауруханада клиникалық емдеу протоколына сәйкес дәрі-дәрмектер мен негізгі қор препараттар қамтамасыз етілген. Сондай-ақ ауруханада жатқан науқастарға да түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр, – дейді Айна Мухамбетова.

Мұнан соң тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекцияның эпидемиологиялық маусымына Қызылорда облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасының дайындығы мен атқарылған жұмыстары айтылды.

Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облысы бойынша вирусологиялық зертханасында 2022 жылы эпидемиологиялық маусымда ЖРВИ және тұмау ауруын зерттеуге полимеразды тізбегі бойынша 5312 үлгіге 14698 зерттеу жүргізіліп, 347-і оң нәтиже берді. Оның ішінде 301 тұмау, қалған 46-ы жіті респираторлық инфекция анықталды. Ал 2023 жылдың оң айында эпидемиологиялық маусым бойынша 2454 сынамаға 8786 зерттеу жүргізіліп, 147-і оң нәтиже берді. Оның 2,7 пайызы тұмау ауруы болса, қалған 2 пайызы ЖРВИ инфекциясы анықталды, – дейді «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры.

Жалпы тұмау мен жіті респираторлық вирустық инфекцияларды сырттай бақылау мақсатында Алматы қаласындағы зертханаға сынамалар жіберіліп, 100 пайыз нақтыланған. Өткен жылмен салыстырғанда ЖРВИ инфекциясының ең жоғарғы көрсеткіші анықталған.

Айта кетейік, ауруханалар мен емханаларда тұмауға қарсы дәрі-дәрмек қоры қамтамасыз етілген.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 Тапсырыс №1827

Нөмірдің кезекші редакторы Айлана СЕЙІЛ